

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития

Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/VKTS3286>

***А. Н. Муратова**

Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

*e-mail: altynmuratova@mail.ru

БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Мақалада қазіргі күні өзектілігін жоймай келе жатқан тілдесімнің бір түрі – бейвербалды амалдар сөз етіледі. Осы уақытқа дейін бейвербалды амалдар психологиялық және тілдік тұрғыда жан-жақты зерттелгенімен, әлі де бұл салада қарастырылатын сұрақтар аз емес, әсіресе ұлттың танымына, салты мен дәстүріне сай жұмсалатын тілден тыс құралдарды, ым-ишараттарды тілдік тұрғыда талдау өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Паралингвистикалық амалдарды ұлттың танымы тұрғысында қарастырған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, нақты тілдік деректер арқылы қазақ танымына сай қолданылған ишараттардың мағынасына талдау жасалады, олардың қолданыс аясы анықталады. Қамшы қазақ халқының киелі құралының бірі екенін талдай келе, оның негізінде жасалатын ишараттардың беретін мағынасы анықталып, жұмсалу аясы белгіленді. Тарихи тақырыпта жазылған шығармалардан алынған мысалдар арқылы мағынасына талдау жасалды. Халық өміріндегі қайғылану, қайғыға ұшырау кезінде жасалатын ишараттарға тоқталып, көркем шығармадан алынған мысалдар негізінде талданды. Халық танымында қара түс қайғыны сипаттайды дей келе, оны тілдік тұрғыда жан-жақты талдайды. Қазақ халқының айтар ойын тура айтпай, бейвербалды амалдар арқылы да түспалдап жеткізіп отырғандығын дәлелдейді.

Кілтті сөздер: Бейвербалды амалдар, ишарат, ұлттық таным, салт-дәстүр, қамшы

Кіріспе

Әр ұлттың өмірінде өзіне ғана тән, өзінің таным деңгейінде қабылданған қарым-қатынас түрлері мен жүйесі бар екені белгілі. Сондай-ақ ұлт мәдениетінің категориялары ретінде қызмет ететін этнолингвистикалық мәнге ие болатын паралингвистикалық атаулар мен оларға жататын бірліктер

кез келген ұлттық тілде жиі қолданылатынын аңғару қиын емес. Олар ұлттың өмір сүру салты мен дүниетанымынан кейде тіпті халықтың мифтік танымына дейін бойлайды.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпты зерттеу үшін тарихи тақырыпта жазылған шығармалардан алынған мысалдар пайдаланылды. Қамшының жұмсалыу аясын анықтау үшін студенттер арасында сауалнама жүргізіліп, сипаттау, талдау, салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Бейвербалды амалдарды ұлттық таным деңгейінде қарастырған зерттеушілер (А. Кендон, 1981) оны жан-жақты талдап көрсетті [1, 29]. Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдардың ұлттық сипатына тоқталған Б. Момынова коммуникация кезінде жұмсалған ым мен ишаратқа, дене қимылдарына қарап отырып, адамның қай ұлттың, қай құрлықтың өкілі екенін шамалауға болатынын айтады [2, 38]. Тілтанушы ғалым Ә. Қайдаров ұлттың даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарактың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін деп жазды [3, 34]. Кодты түсіну үшін ертеден қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа жеткен, атадан балаға мұра болып ауысқан, санада кодталған этномәдени ақпаратты білу керек. Этнограф-ғалым С.Кенжеахметұлы ұлттық сипаттағы ым-ишараттардың «сезімді, көңіл-күйді, іс-қимыл, әрекетті сөз тауыспай-ақ ыммен, ишарамен еппен сездіретінін, ...оны дәл бейнелейтін ойлы, қызықты әрі сесті ұғымдар болатынын... мұны әдет-ғұрып ишарасы дейтінін... Дегенмен тұрмыс пен салттың, өмір мен тіршіліктің, қоғам мен дәуірдің өзгеруіне байланысты мұндай әдет пен дағдының кейбіреулері ұмыт қалғанын», – айтады [4, 25].

Қазақ халқының тұрмысында қамшы арқылы жасалатын бірнеше ишараттың түрі бар, осының негізінде туындаған фразеологиялық тіркестерді де айта кеткен орынды. Мысалы: қамшы үйіру, қамшы ойнату т.б. Қамшы – халқымыздың негізгі атрибуттарының бірі. Қамшыға байлықтың, береке-бірліктің символы деп қараған. Ұлттық негізде жұмсалып, басқа халықтарда кездесе бермейтін амалдардың бірі – қамшы тастау. «Қамшы тастау» ишаратын 15–18 ғасырларда билер заманында өте белсенді қолдану себебін анықтау үшін ассоциативті эксперимент жасап көрдік. Мұндағы мақсатымыз халықтың тілдік санасында қамшы сөзімен қандай ассоциация жинақталғанын анықтау. Экспериментке 7–78 жас шамасындағы 23 адам қатысты. Қамшы – жылқы

малының жылдамдығын арттыру үшін қолданылатын құрал – 15, емшінің аспабы – 4, ер – 3, батыллықтың символы – 2. Байқағанымыздай, адамдардың басым көпшілігі қамшы сөзін жылқымен байланыстырады. Жылқы қазақ халқының санасында тазалықтың, еркіндіктің, өктемдіктің символы болып қалыптасқан. Ел арасындағы дау әділ шешілмегенде ортаға «қамшы тастау» осы бір символдық мағынасынан шықса керек (1-сурет). Мысалы:



Сурет 1 – Қамшы тастау

«Ежелгі Қазақстан мифтері» кітабында қамшының құдіретін жылқы тотемі немесе зооастризммен байланыстырады, яғни жылқының терін сіңірген қамшы, жылқының ерекше күшін бойына сіңірген деп есептейді [5, 76]. Осындай мифтік таным да қамшы арқылы жасалатын ишараттарға алып келген деп тұжырым жасауға болады. Мысалы: *Ғабитхан қамшыға жабысып, бар жерін иіскелегендей ұстап қарап кеп, ақырында бүлдіргіге қарады. Қарады да қабағын түйіп жіберді. Бір жақындап үңіліп, бір жақындап алыстап қарап, ақыры таңдайын қағып, басын шайқады* (Абай жолы, 24). Қамшының иесі үшін қаншалықты қымбат, қаншалықты қадірлі екенін осы мысалдан-ақ байқауға болады. Ал ғалым Б. Момынова қамшыға қазақ қатысым мәдениетіндегі аса маңызды артефакт деп қарайды және мағыналық әрі қатысымдық негізде талдау жасайды [2, 67]. Сондай-ақ қазақ халқы адамның көңіліне әсер ететін ауыр сөзді тіке айтпаған, астарлап жеткізген. Жиындарда артық сөйлеп кеткен адамды қамшы арқылы тоқтатқан (2-сурет), кейде арадағы кикілжінді сөзбен шеше алмағанда, жауласуға шақыруды да қамшы арқылы білдірген. Мысалы: *Мә, менің қамшым... жауап қайырмайтын болса алдарына таста да, өзің кейін шап (І. Есенберлин) Қамшысын енді Қара Оспан алдына тастады. – Атыңның жүйріктігіне тым сене берме (І. Есенберлин)*. Берілген сөйлемдерде тілдесімнің екі түрі де қатар қолданылып, бірінде айтылған ойды екіншісі толықтырып тұр. «Қамшы

тастау» ишараты арқылы шабуылға шақыру интенциясын аңғаруға болады. Осы жерде екі адамның арасында бітім болмайтынын «қамшы» арқылы астарлап, тұспалмен хабарлап отыр. Бейвербалды амалдардың семантикасы мен қызметін зерттеген Б. Момынова: Қамшы тастау ишараты сөз сұрауды білдіреді және бұл ишарат көшпелі қазақ өмірінде өте жиі орындалған. Өйткені ауыл, үй, ру-рудың арасында өмірдің жазылмаған заңына сәйкес түрлі даулар үнемі болып тұрған. Дауласкерлер бидің, сөз ұстаған адамдардың, ақсақалдардың алдына келіп, дауды шешіп беруін өтініп, жүгінген. Ал сөз ұстаған адамдардың қолындағы қамшының коммуникативтік акт немесе сөз айту кезіндегі түрлі позициялары дауға нүкте қоятын, шешім-вердикт шығаратын, дауласушы топтардың, жекелеген адамдардың бірінің алдына екіншісінің айыбын бетке басып, жығып бергенін сездіріп я болмаса даудың тоқтағанын білдіретін, даулескерлерге сөз кезегін ретімен ұсынып отыратын құралдың қызметін атқарған. Кезінде сөзбен айтылған шешімді сөздің қатысынсыз ишаралап жеткізу құралы ретінде қамшы заң баптарындай коммуникацияда аса ықпалды болған. Әрине, дау барысында сөз сұраған соң сөздің айтылуы міндетті. Бірақ қамшы тастағанда сөз сөйлеуші дауға төрелік жасаушының қамшысына қарап, я сөзін жалғастырып, я сөзін тоқтататын болған. Қамшы мұндайда бірде сөйлеушіге берілген уақыттың біткенін білдіріп тасталса, енді бірде дауласкерлердің сөзді өз пайдасына қарай бұрып бара жатқанын тоқтату мақсатында тасталған [2, 51]. Мысалы: *Сөйтсе де өркөкірек кер мінезге салып он-оңай жеңіле қалғысы келмеді. «Талас әлі біткен жоқ» деген ишарат көрсетіп, алдындағы қамшыны бір қозғап қойды. Қара Оспан шарт жүгініп отыра қалды. Қамшысын қозғауды да ұмытып кетті (І.Есенберлин)*. Берілген мысалдардан ата-бабаларымыз қамшыға жай құрал деп қарамағанын, арадағы сөзді жеткізуші қарым-қатынас құралы деп есептеген, себебі бір ғана қамшыны әртүрлі қалыпта ұсыну арқылы тұспалды, құпия ойды жеткізіп отырған.

Мұхамед Қайдар Дулати патшалықты басқару ережесі туралы жазбасында: Қамшы – билік рәмізі, әрі құқықтық реттеуді жүзеге асырушы құрал. Қамшы да семсер, қылыш тәрізді хандық, патшалық регалия қатарында жүрген [6, 45]. Бұл келтірген пікір жоғарыда берілген мысалдарды нақтылай түседі. М. Мағауин қазақ ордасында хан сайлау ғұрпында жаңа билеушіні боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге салып, хан көтерген соң, атқа мінгізіп, қолына қамшы ұстататын рәсімі болғанын айтады [7, 34]. Мысалы: *Сонда төбенің басына қамшысын ұстап Төле шыққан-ды. – О, әлеумет, қалай осы, жылқы біткен көп кісінесіп кеткен жоқ па, әйел біткен көп кісімсініп кеткен жоқ па? – деп қайта түсіп кеткен-ді. Әйтеке қамшысын көкке көтеріп:*

- Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көк сауытың – қатын, көк найзаң – балаң болар! – деген-ді.

Ең жақсы сараңдық: қасың сұрағанда «барға» сараңдық, досың сұрағанда «жоққа сараңдық», – деді Төле қамшысын қолына қайта алып.

– Көрсө қызардың алдында – жарыңа сараңдық, айналдырған аурудың алдында жаныңа сараңдық лазым, – деді Қазыбек көп алдына қайта шығып.

Қазыбек қамшысын ұстап тұрып:

– Аты жаманның арманы кетер, баласы жаманның дәрмені кетер, – деді (Ә. Кекілбаев. Үркер). Берілген мысалдарда «қамшы ұстау», «қамшыны көкке көтеру» ишараттары қатысқан. Ел бастаған билердің халық алдына қамшы ұстап шығуының мәнін сабырға, тыныштыққа шақыру деп түсінуге болады.

Қамшы ер азаматтардың үнемі қолында жүретін қаруы деп те атауға болады. Ұл туғанда батыр болсын, елін қорғар азамат болсын деп қамшы сыйлауы да осындай тілектен келіп шықса керек.

Сондай-ақ арқадан қамшымен ұру ишараты бар, көбінесе халық емшілері қолданған. Бұл қолданысты екі түрлі жолмен түсіндіруге болады. Біріншіден, қамшы сөзінің «қам» түбірі тува, хакас тілінде бақсы деген мағынаны береді (Түркі тілінің сөздігі). Екіншіден, қамшының құдіретіне сенген мифтік сана жын, шайтанды алыстату үшін де осы құралды қолдануға негіз болды деген тұжырым жасаймыз. Қамшымен арқадан ұру арқылы адам жанын бойлаған жынды қуған. Мысалы: *Қамшы тиіп, ыриш түскен жүйріктей, енді тіпті долданып кетті. Қарағай домбырасын аспанға лақтырып, аруағы ұстап, жыр дабылын үсті-үстіне дақпырата ұрды (І. Есенберлин).*

Бұдан өзге «қамшы кезеу», «қамшы үйіру» сияқты ишаралар жиі жасалған. Біріншісі – бойын ашу билегенде, кектенгенде «қайтсем де өшімді аламын» деген тіркестің орнына жұмсалып, шайқасқа шақыруды білдіреді. Мысалы: *Шеткерірек отырған Әбілқайыр қолындағы қамшысын жұртқа көрсеткісі келгендей, төбесінен асыра бір көтеріп, ортаға тастады. Қамшыны ортаға тастауының себебін білу үшін келесі репликаны оқығанда барып түсінеміз. – Ағайын, қазақ десек бәріміз күйеміз. Бірақ қазақ тап еліне өкпелесе де, жеріне өкпелей алмас. Басқалар біздің көл-көсір қонысымызға бола көздерін алартып жүр. Осындай ұлан-ғайыр отаныңды тастап барғанда, орналаса кететіндей иен жер бұл заманда табыла қояр ма екен өзі? Қашып келеді екен деп, қан төгіспей жерін бере салатын бауырмал ағайын да көрініп тұрған жоқ. Шынында да, біреудің жерін тартып аламыз деп төгетін қанды осы арада неге өз жерімізді қорғап төкпейміз? Біреулер қонтайшыға көне салайық, көнсек болды, бізге де, жерімізге де тиіспейді, ар жағындағы шүршітпен шайқасып кетеді дейді. Жоңғар өріс керек болмаса, қазақтың жеріне қалың ойнап келіп жүр дейсіңдер ме! Көнді екен деп қоя салар олар жоқ. Өз іргесінен тыныш кеткесін, сенің іргеңнің бел арқанын қиып отырған дұшпанға елің керек емес, жерің керек, жаның*

керек емес, малың керек. Менің айтарым, біз осы жиыннан не де болса, бір тәуекелге бел буып тарауымыз керек. Жан-жағымыз анталаған жау, жау алдында намысты қашанғы қолдан бере береміз!! (Ә. Кекілбаев. *Үркер*)

Осы келтірген мысалда қамшыны ортаға тастау арқылы халықты сабырға шақырса, қамшыны жоғары көтеру арқылы халық назарын аудару, өзінің өктемдігін көрсету деп түсінген жөн.



Сурет 2 – Ортаға қамшы тастау

Қазақтың белгілі этнографы Бабақұмар Қинаят еңбегінде: қамшы сәлем, естелік, құпия «тіл» (пароль) немесе сый орнында жүрді: астарлы сөзін беріп жіберген қамшысының шашағын байлау, өрімнің ұшын тарқату, бүлдіргесін үзіп жолдау қатарлы ишарамен айтпақ ойын құпия түрде ұшқыр, тапқыр санамен білдіреді [8, 56]. Қазіргі уақытта құпия хабарды жеткізудің әртүрлі жолдары бар, ал өткен замандарда ел мен ел арасында байланыс құралы ретінде қамшы сияқты құралдар қолданылғанын тарихтан, яғни, тарихи тақырыпқа жазылған шығармалардан байқауға болады. Өрімнің ұшын тарқату арқылы тұтас бір оқиғаны жеткізіп отырған.

Этнографиялық еңбектерде қазақ төрінде қамшы ілініп тұрса, сол үйдің бой жетіп отырған қызы бар екенін және айттырған адамының бар екенін жазбай танып отырған, егер құда түсе келсе, ілінген қамшыға қарап-ақ қызды айттырған жері бар екенін білген. Осыған орай, халқымызда «қамшы қайтару» дәстүрі болған, құдалықтан бас тартқан қыз әкесі қамшыны қайтарып жіберу арқылы құдалық болмайтынын білдірген. Сонымен қатар құда түсіп келгенде де қамшы тастап кеткен. Құда түсудің тағы бір амалы – қамшы іліп кету. Қызды көруге келген жігіттің әкесіне шешесі «*Қызымның ұнағаны рас болса, белгі тастап кет*» деген жігіт әкесі» деп үйдің төріне

қамшысын іліп кеткен [8, 67]. Сондай-ақ мифологиялық түсінік бойынша үйдің төрінде ілініп тұратын қамшы ібілістен қорғайды деген сенім бар.

Халқымыздың ерекше дәстүрлерінің бірі – беташар. Еліміздің кей өңірлерінде келіннің бетін қамшымен ашады, мұның астарында босағаны аттаған келін үйге құт-береке алып келсін деген тілек жатыр. Халық танымында «қамшы» берекенің, татулықтың символы болып қалыптасқан.

Қазақ халқында үйге келген ер адам үй иесін жолықтыра алмаса, қайта келетінінің белгісі ретінде қолындағы қамшысын тастап кетіп отырған. Бөгде адамның қамшысына қарап, қай елдің, қай ауылдың адамы екенін таныған.

Қамшыны кеудеге апарып, бас ию – дәрежесі биік адамға дәрежесі төмен адамның жасайтын амандасу әрі құрмет көрсету ишараты: *Оң қолындағы он екі өрме, жібек шашақты, күміспен нықтаған қамшысын кеудесіне апарып, басын болмашы иген ишарат білдіріп, шаш төрде аласа піл сүйекті тағында отырған қаба сақал жұнт қараға шанышыла қарап демге аялады* [М. Есләмғалиұлы. Әйтеке би. 288 б.].

«Қазақ білуі тиіс» кітабында қамшыны сындыруға байланысты мынадай дерек айтылады: қамшының сабын сындыру өліммен тең, сондықтан халқымыз қамшыны аяқ астына тастамаған [9, 76]. Мысалы: Шоқан мен әкесі Уалихан кезіккенде, әкесі бәрін таста, Сұлтандыққа сайланасың, – дегенде, Шоқан ғылым жолын таңдап, әкесіне келісім бермеген ызаға булыққан әкесі Уалихан: «Сен менің балам емессің!», – деп қамшысын сындырып, лақтырған, 6 айдан кейін Шоқан қайтыс болады. Төлеген мен Қыз Жібекте: Төлегенді әкесі шақырып алып былай дейді: «- Бауырың Сансызбай жоңғармен соғысып, ел қорғауда, ал сен әлі қыз қуып серуендеп жүрсің, атастырылған қызды аласың!», – дегенде, Төлеген Қыз Жібекті сүйетінін айтқан. Әкесі кет әрі деп Төлегенді қуып, қамшысын сындырып лақтырған. Осы мысалдарда келтірілгендей, қамшы сабын сындыру жамандыққа, қайғыға алып келген.

Жалпы, қазақ халқы қамшыны аса құрмет тұтқан, сондықтан да оны үнемі жоғарыда ұстаған, халық өмірінде жиі қолданылған бұл құралды кез келген жағдайда орайына сай жұмсай білген. Тарихи деректерге сүйенсек, қамшы құпия тілдесім құралы болғанын жоғарыда айттық.

Халқымыздың ерекше сән-салтанатымен өтетін салты – сырға салу. Ертеден келе жатқан дәстүр бойынша, әдетте оң босағада отырған қызы болса, керегедегі түскіізге сырға іліп қоятын [2, 56]. Аталған дәстүр турасында қазақ зергерлік өнерінің лексикасына этнолингвистикалық сипаттама берген ғалым Р. Шойбеков былай дейді: «Ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса, керегеге, кілемге, тіпті бақанға сырға іліп қою салты болған. Үйге келген қонақ, яки жолаушы үй ішін көзімен шолып, ілулі тұрған сырғаны көрсе, «бұл үйдің бой жетіп келе жатқан не бой жетіп отырған қызы бар

екен, ата-анасы әлі ешкіммен құда болмапты, қыздың басы бос екен» деген ой түйген. Мұның аяғы кейде құдалыққа ұласып жататын [10,89]. Мысалы: *Үйге кірсе, керегенің басында сегіз сырға ілулі тұр екен, соны көрген соң, Ерناзар еңкілдеп жылай бастайды. Үйдің бәйбішесі Ерназардан:*

- Неге жыладың? – деп сұрайды. – Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек іздеп жүрген адаммын, тоғыз ұлымның бір әкешеден туғаны сияқты, тоғыз келінімнің де бір әкешеден туған болуын іздеп жүрген адаммын. Керегенің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, санасам, біреуі кем екен, соған жылап отырмын, – дейді Ерназар. – Ендеше жылама, тағы біреуі бар, әне тұр, – деп бәйбіше тұсбақаннан тағы бір сырғаны алып келеді. – Кенжекейімнің сырғасы еді, мұны сегіз қызымның сырғасына араластырмаймын, ана қыздарым бір төбе, Кенжекейім бір төбе. Сондықтан Кенжекейімнің сырғасы олардікінен бөлек тұрады, – деп сырғаны қайтадан іліп қояды.

Ерназар оған: – Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, Тәстігім бір төбе еді. Кенжекейің Тәстігімдікі болсын, – дейді. Сөйтіп, Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады (Ер Тәстік ертегісі). Осы келтірілген үзіндідегі түскіізге ілінген сырға – ақпарат беруші негізгі құрал. Керегеге шаншылған сырға арқылы шаңырақта тұрмыс құрмаған бойжеткен қыздардың бар екенін түсінген. Келтірілген мысалдан қазақ халқы кез келген оқиғаны сөзбен емес, ишарамен ұғындыруға шебер болып келгенін аңғаруға болады.

Сондай-ақ қазақ халқында үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету бірінші орынға қойылады. Қазақ жастары еш уақытта үлкен адамның жолын кеспеген, үлкен тұрған жерде бірінші болып сөз бастамаған, отбасында ақсақалы бар адам табақтан бірінші болып тамақ алмаған – мұның бәрі де әрбір қазақ отбасында қатаң сақталған. Халық танымында отбасының берекесі, сарқылмас қазынасы ол – үйдегі қарт адам. Дәстүрлі қазақ отбасы оған ерекше мән берген. Үлкенге деген құрметті сөйлеу тілінде сыпайылық мәні бар сөздер мен сөз тіркестері арқылы берсек, тілсіз қатынаста бірнеше ишараттар арқылы жасалады. Мысалы: Әйтеке бидің ойын бөлмейін деп асының басын тартып ілгеріде келеді (Ә. Кекілбаев. Үркер). Осындай ұлттық негіздегі бейвербалды амалдар Б. Момынова еңбегінде талданады [2, 89]. Мысалы: – *Ә, сұлтан, қош келдің, төрге оз!* – *деді Мәті. Пәтшайым орнынан тұрып жол берді. Әбілқайыр төрге шықты. Белін шешіп отырғасын Мәті жөн сұрады. Әбілқайыр шәй ішіп ыстығын басып, өз-өзіне келгенше жолда не көргенін айта қоймады. Ішіне қалампыр, талшын, зәнзәбіл араластырып, айыр түйенің сүтін қатып, қою құйған бұйра шай әлгінде ғана екі шықшыты зіркілдеп зеңіп келе жатқан басын ә дегеннен жеңілдетіп, әне бойындағы зіл атаулыны түгел қуып шыққандай (Ә. Кекілбаев). Тамақтан соң қонақтар*

дүр көтеріліп сыртқа шықты. Тайлан құрдасын қолтығынан демеп атына мінгізді (Ә. Кекілбаев. Үркер). Екінші мысалда берілген «қолтығынан демеп атына отырғызу» бейвербалды амалының мәні құрмет көрсету.

Бейвербалды амалдардың ұлттық сипаты өзге сипаттарына қарағанда ерекше, себебі әр халық тілі әртүрлі болатыны секілді ым-ишарат тілі де әр халықта түрліше болып қалыптасқан, ұлт мәдениетімен өзектесіп жатады. «Культура человека - это не только определенный склад мышления и чувствование народа, это также знание языка и свободное владение невербальными кодами, принятыми в данном обществе, это следование выработанным нормам и правилам коммуникативного поведения, заставляющим людей чувствовать и осознавать свою принадлежность к данной культуре, в неперменном сочетании вниманием и уважением к чужой культуре и ее носителям [11, 151]. Әрине, тілді білмеген жағдайда ым, ишарат басқа да амалдар арқылы түсінісуге тырысады, бірақ әр ұлттың мәдени, таным деңгейі әртүрлі болғандықтан қиындық туатыны шындық. Тілтанушы Б.Момынова: «... коммуникацияның бейвербалды элементтеріне, яғни ым мен ишаратқа, дене қимылдарына қарап отырып, адамның қай ұлттың, қай құрлықтың өкілі екенін шамалауға болады, өйткені әрбір ұлттың дене тілінің өзіндік сипатты ерекшелігі бар және осы ерекшеліктер көбінесе фразеологизмдерге негіз (ұйытқы) болып табылады» деген пікірі де жоғарыда айтылғанды нақтылай түседі [2, 90]. Халық дәстүрі бойынша жақынынан айрылған кезде бетін кескілеп тырнаған, шашын жайып немесе жұлып, қос бүйірін таянып қайғыға душар болғанын білдірген. Осы амалдарға қарап жамандықтың болғанын түсініп отырған. Мысалы: *Барса – әйелі бетін тырнап жылап отыр дейді. «Батырға көрінер бетім жоқ. Жорықтан қайтқанда алдынан алып шығып қуантам ба деген шекесі торсықтай сәбіім дүниеге келгесін бір аптадан соң шетінеп кетті», - деп зарлайды дейді (Ә. Кекілбаев).*

*Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да жияйын.
Құнарлы бармақ жез тырнақ
Күнде қанға бояйын.
Албыраған ақша бет
Сүйегіне тояйын!
Мойындаған қаракөз
Жаспенен оны ояйын,
Алшаңдап жүрген жас төрем*

Орныға кімді қояйын (Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары). Бұл туралы «Қазақтың жоқтау жырларында»: көне замандарда, көне түркі кезеңі саналатын V–VIII ғасырларда түркі тайпалары қайтыс болған адамға

қатты қайғырып, «өлген адамның тумалары шашын жұлып, бетін тырнап, құлағын кесіп, өздерін қорлайтын» әдет болған. Оның мәнісі: «Өлген жақсы адамның артында қалып, онсыз сүрген өмірде не мән бар?» – деп қараудан шыққан. Ұлттық сипаттағы бейвербалды амалдардың семантикасын зерттеген П. Ешимов: Шашын жаю – жоқтау, жылау қайғылы, шерлі, күйікті, мұңды, зарлы, азапты, бақытсыз әйелдің ісі. Бұл әдет дауыс қылу, жоқтау кезінде жасалады [12, 78]. Б. Момынова: Әйелдің шашын тарқатып, екі иініне жаю ишараты. Ері, азаматы, асыраушысы қайтыс болған үйдің әйелі жасайтын салттық ишарат [2, 48]. Қазіргі уақытта жақынынан айрылғанда дауыс шығарып жылайды, жоқтау айтады, бірақ жоғарыда келтірілгендей амалдар жасалмайды. Қазір бұл амалдарды тек көркем шығармалардан ғана кездестіреміз. Мысалы: *Бұл кезде Бөжейдің өз үйінің ішінде қара сұр бәйбіше шаршысын шорт байлаған. Қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған. Қан сөлден айрылып, сұрланып талған жезінде көк тамырлары білінеді. Екі бетінің ұштары жылап жыртықан тырнақтың табын сақтап, жарадар боп тұр (М. Әуезов. Абай жолы).*

Қарт ана оқыс есін жинап алды.

*Ойтырм-ай!.. – деп өкіріп, жас жуған бетіне тырнақ салып, қанын ағыза осып-осып жіберді. Қаниа кісі жабылса да, күйік көтерген әйел қолда тұрмай, жұлқып шықты. Ажал шеңгелі жалғыз баласын бүріп алып, жұпыны жер үйдің бір жағын омсырайтып ойып әкетіп бара жатқанын көрді. Қара шашы жайылып кеткен. Үрей қаптаған көздерінің ағы айналып, ұясынан шыға ақшаңдап: «Жан ботам-м!» - деп зарлап, қос қолын созып ұмтыла берді де, құлап түсті. Үй ішінде жыламаған жан жоқ. Еламан да жылады (Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер). Өткен көктемде «Майданда ерлікпен қаза тапты» – деп артынан қара қағаз келген. Қатын, бала-шағасының көзінен жас емес, қан ағып, кәрі шешесі жер тоқпақтап, бетін тырнаған (Д. Исабеков. Біз соғысты көрген жоқпыз). Сонымен қатар жайсыз хабар, жамандықты жеткізу кезінде де осы сияқты амалдар жасалған. Мысалы: *Қаралы хабар әкеле жатқан кісі ауылдың қарасын көрісімен екі жағына кезек аунап, басын ерге ұрып, өз бетін өзі тырналап, жұлынып бітетін еді зой. Ал мынау сол баяғы қаққан қазықтай қалпы (Ә. Кекілбаев. Үркер).**

Байқап қарасақ, адамның басы қайғыға тап болғанда жаны өлген адаммен бір екенін осындай амалдар арқылы көрсеткен. Ұлтымыздың мәдениеті мен дәстүрінен хабардар адамдар осы себептерге байланысты қыз баланың шашын жайып жүруіне қарсы болған. Халқымыздың дүниетанымында бүйірді таяну жамандық шақырудың белгісі болып табылады, сол себепті бүйірді таянып тұруға тыйым салған. Бұл туралы А. Байғұтова: *қос бүйірін таяну* қазақ халқы үшін ауыр қайғы-қасіретті білдіріп, дүниеден өткен

адамды жоқтау барысында ғана қолданылса, орыс ұлтының әйелдері үшін «бүйірін таяну» кинемасы ашуланған кездегі, біреумен ұрысқанда немесе бір шешімге келіп, оны айтар сәттегі, кейде қалыпты жағдайдағы, ешкімге ерсі көрінбейтін, көз үйренген кимыл түріне жатады [13, 89]. Мысалы: *Басында екі бүйірін таянып, ақ шашын жайып, кәрі шандыр бетін жоса-жоса қылып тырнап тастаған шүйкедей қара кемпір: Атаңа нәлет хан Кене, Басыңа түссін ойран-ай, Суалдырдың көзімнің, Қарашығын, ойбай-ай! – деп қарлыққан дауыспен зар еңіреді (І. Есенберлин, Көшпенділер)*. Байыз таппай теңселген қара кемпір қос бүйірін таяна көзін тарс жұмып алып боздаған сайын жиналған көпшіліктің сай-сүйегі сырқырай түсті (Ж. Шаштайұлы. Жала мен нала).

Қазақ халқының танымында қара түс қайғы, жамандық, қазамен ассоциаланады. Ауыр қайғы мен адамның өмірден өтуінен хабар беретін белгі ретінде де қабылданған. Мысалы: Ат үстінен домалап түскен шабарманның бар айтқаны:

- Әз Тәуке дүние салды!

Мұны естігенде ел ұрпидің қалды. Еркек кіндік жалма-жан бес қаруын асынып атқа қонды. Ана жалдың басында да – андыздап келе жатқан бір жұрт. Мына жалдың басында да – андыздап келе жатқан бір жұрт. Бәрінің де мінгені қара. Бәрінің де кигені қара. Бәрінің де ұнжырғасы түсіп кеткен. Бәрінің де жүрісі сылбыр. Әншейінде көкке ойнатып жалақтатып ұстайтын көк найзаларын, желектерін жерге салбыратып сүйретіп келеді. Бәрінің де бой түзеген бағыты – Түркістан.

Күллі Түркістан азан-қазан. Күллі Түркістан қара жамылған. Күллі Түркістанның беттері ісіп, дауыстары қарлыққан. Күллі Түркістан топыраққа былғанып жер бауырлап жатыр. Көктегі арсыз күннен басқа жадырап, жарқырап тұрған ешкім, ештеңе жоқ (Ә. Кекілбаев. Үркер). Мысалдан қайғыға ұшыраған халық қара киіп қазаға отрақтығын, қайғыруын білдірген, ел басына түскен ауыртпалықты осылай көрсеткен. Тіл зерттеушісі Б. Момынова еңбегінде: Қара желек жамылу ишарат-символы деп көрсетеді [2,48]. Сонымен қатар адам өмірден өткенде қаза болған кісі атының кекілін кескен. Мысалы: - *Жануар-ай иең кетіп, тұл қалдың ғой, сен бейбақ – деп жақындап келді де ат кекілін шорт кесті. Содан құйрығынан алып, уыстап тұрып, дәл тірсегінен жоғары келтіре, құйрығын борт-борт кесіп алды (М. Әуезов. Абай жолы)*.

Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы тіл бірліктерін зерттеген Г. Ж. Снасапова: «қара жамылу, ниеті қара сияқты тіркестердегі қара сөзінің «қайғы», «қаза», «жамандық» мағынасында жұмсалып, символдық мән алуы лингвомәдени коннотация болып табылады» [14, 13]. Халқымыздың танымында қара түс қайғының белгісі деп айттық. Академик Ә. Қайдар

түске байланысты төмендегідей деректерді келтіреді: «Зерттеуші А. Диваевтың еңбектерінде қазақ дәстүрі бойынша қара, ақ, қызыл түстердің қазаға байланысты синкретикалық қолданысының болғанын көреміз. Бұл түстердің бәрі қазақ өмірінде қайғылы қазаның, қара тұтынудың символы болып келген, осы түстерге боялған мата, киім-кешек, үй жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдардың бәрі де символика атрибуттары болып саналған. А. Диваевтың жазуына қарағанда, ертеректе күйеуі өлген қазақ әйелдері бастарына қара және қызыл түсті орамал, желек жамылған» [3, 67].

Қара түс ауыр қазамен ассоциацияланады, сол себепті ел басына қара бұлт үйірілгенде, жақыны өмірден өткенде қара киім киіп, қара ту ілінген осы белгілерге қарап-ақ қара шамылған шаңырақты жазбай таныған. Мысалы: *Бөжей өлген күні тігілген осы қара Бөжейдің өлімі өзге өлімдерден өзгеше күтілетіні айтылды (М. Әуезов. Абай жолы).*

Адам қаза болғанда қолданылатын зат түсінің өзі қара болған. Бұл да қайғыланудың белгісі болып табылады.

Қорытынды

Ұлттық дүниетаным мен көзқарастың, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың, сезім мен сенімнің, өмір сүру ерекшелігінің асыл сынығы болып саналатын осындай кинемаларды ұғыну үшін сол ұлтты тереңірек зерттеу қажет. Ұлт туралы аялық білім болмаса, аталған бейвербалды амалдардың мәнін түсіну қиындық келтіреді.

Байқап отырсақ, жерлеу рәсімінде вербалды тілдесімнен гөрі бейвербалды амалдар кеңірек қолданылған. Бір ғана түстің өзі тұтас халықтың қайғыға ұшыраған кездегі жағдайын сипаттай алады.

Мақалада тек қана қазақ дәстүрінде қолданылатын бейвербалды амалдарға талдау жасадық.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Kendon, Adam.** Some functions of gaze-directions in social interaction [Text] // Acta Psychologica. European journal of psychology. – Amsterdam, 1967. – P. 22–63.

2 **Момынова Б., Бейсенбаева С.** Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2003. – 136 б.

3 **Қайдаров Ә.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері [Мәтін]. – Алматы, 1991. – 320 б.

4 **Кенжеахметұлы С.** Қазақтың салт-дәстүрлері мен ырымдары [Мәтін]. – Алматы, 2013. – 386 б.

- 5 **Жанайдаров О.** Ежелгі Қазақстан мифтері [Мәтін]. – Алматы : Аруна, 2006. – 206 б.
- 6 **Мұхаметқалиқызы А.** Қазақ пен қамшы. // Абай-ақпарат [Мәтін]. – Алматы, 2012, №2. – Б. 1–4.
- 7 **Мағауин М.** Ғасырлар бедері [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1991. – 246 б.
- 8 **Қинаят Б.** Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет ғұрыптары [Мәтін]. – Алматы, 2003. – 345 б.
- 9 Қазақ білуі тиіс [Мәтін]. – Алматы, 2014. – 250 б.
- 10 Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / құраст. : Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т.б. [Мәтін]. – Алматы : Дәуір, 2013. – 560 б.
- 11 **Аверкина Л. А.** Коммуникация – важный аспект межкультурной коммуникации [Текст] // Вестник Московского гос. лингвистического университета. – 2008. – №554. – С. 123–133.
- 12 **Шимов М. П.** Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты: филология ғылым. канд. дисс.: 10.02.19 [Мәтін]. – Алматы, 2004. – 140 б.
- 13 **Байғұтова А.** Қазақ әйел концептісінің этномәдени сипаты [Мәтін]. – Алматы, 2008. – 14 б.
- 14 **Снасапова Г. Ж. Ф.** Мүсіреповтың «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер: филол. ғыл. канд. дисс. Авторефераты [Мәтін]. – Алматы, 2003. – 29 б.

References

- 1 **Kendon, Adam.** Some functions of gaze-directions in social interaction. [Some functions of gaze-directions in social interaction] [Text] // Acta Psychologica. European journal of psychology. – Amsterdam, 1967. – P. 22–63.
- 2 **Момынова В., Beisenbaeva S.** Qazaq tilindegi ym men isharattyń qazaqsha-oryssha túsindirme sózdigi. [Kazakh-Russian Explanatory Dictionary of gestures and gestures in the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Qazaq ýniversiteti, 2003. – 136 p.
- 3 **Qadarov Á.** Qazaq tiliniń ózekti máseleleri [Actual problems of the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 1991. – 320 p.
- 4 **Kenzheahmetuly.** Qazaqtyń salt-dástúrleri men yrymdary [Traditions and rituals of the Kazakh people] [Text]. – Almaty, 2013. – 386 p.
- 5 **Janaidarov O.** Ejelgi Qazaqstan mifleri [Myths of ancient Kazakhstan] [Text]. – Almaty : Arýna, 2006. – 206 p.
- 6 **Muhametqalqyzy A.** Qazaq pen qamshy [Kazakh and kamschy] // Abai-aqparat. – Almaty, 2012, №2. – P. 1-4.

7 **Maǵayın M.** Ğasyrlar bederi [Characteristics of the centuries] [Text]. – Almaty : Zhazýshy, 1991. – 246 p.

8 **Qınaiat B.** Qazaqtyń salt-dástúrleri men ádet ǵuryptary [Traditions and customs of the Kazakh people] [Text]. – Almaty, 2003. – 345 p.

9 Qazaq bilýi tiis [Kazakh must know] [Text]. – Almaty, 2014. – 250 p.

10 Qazaq sózdigi (Qazaq tiliniń birtomdyq úlken túsindirme sózdigi) [Kazakh dictionary (single large Explanatory Dictionary of the Kazakh language)] [Text]/ qurast. : N. Ýalı, Sh. Qurmanbauly, M. Malbaqov, R. Shoibekov zha'ne t.b. – Almaty : Dáýir, 2013. – 560 p.

11 **Averkina L. A.** Komýnikasiya – vazhnyı aspekt mezhkúlytrnoi kommýnikasiı. [communication – an important aspect of inter-cultural communication] [Text] // Vestnik Moskovskogo gos. lingvısticheskogo ýniversiteta, 2008, №554. – P. 123–133.

12 **Eshimov M. P.** Ym semantikasy: ýniversaldy jáne ulttyq tabıǵaty: filologiya ǵylym.kand. diss.: 10.02.19. [Non-verbal semantic: universal and National Nature: philological science. Kand. diss.: 10.02.19.] [Text]. – Almaty, 2004. – 140 p.

13 **Baıǵutova A.** Qazaq áiel konseptisiniń etnomádeni sıpaty [Ethnocultural character of the concept of a Kazakh woman] [Text]. – Almaty, 2008. – 14 p.

14 **Snasapova G. J.** Ğ.Músirepovtyń «Ulpan» povesindegi lingvomádeni birlikter: filol. ǵyl. kand. diss. avtoreferaty. [Linguocultural units in the story «Ulpan» by G. Musrepov: philol. science. Kand. diss. abstract] [Text]. – Almaty, 2003. – 29 p.

01.11.22 ж. баспаға түсті.

14.12.23 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**A. H. Муратова*

Карагандинский университет имени Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда

Поступило в редакцию 01.11.22.

Поступило с исправлениями 14.12.23.

Принято в печать 25.02.24.

НЕВЕРБАЛЬНЫЕ ПРИЕМЫ И НАЦИОНАЛЬНОЕ ПОЗНАНИЕ

В статье рассматривается один из видов общения – невербальные приемы, который в настоящее время не теряет своей актуальности. До этого времени невербальные подходы были тщательно изучены психологически и лингвистически. Тем не менее, есть вопросы,

которые следует изучить в этой области, в частности, внеязыковые средства, используемые в соответствии с народными познаниями, обычаями и традициями. Языковой анализ жестов является актуальным вопросом. Опираясь на труды ученых, рассматривавших паралингвистические подходы в контексте познания нации, с помощью конкретных языковых данных проводится анализ значения жестов, применяемых в соответствии с казахским познанием, определяется сфера их применения. Учитывая, что хлыст является одним из сакральных инструментов казахского народа, было определено значение, которое дают нам жесты, на основе которых он используется, и определена сфера применения. Был проведен анализ значения на примерах из произведений, написанных на историческую тему. Остановились на жестах, которые совершаются при скорби в жизни народа, проанализировали на основе примеров из художественного произведения. Отмечая, что в представлениях народа черный цвет олицетворяет печаль, статья анализирует его с различных позиций. Доказывается, что казахский народ не только выражает мысль напрямую, но и доводит ее намеками, невербальными приемами.

Ключевые слова: невербальные приемы, жесты, национальное познание, традиция, хлыст

**A. N. Muratova*

*Ye. A. Buketov Karaganda University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda.*

Received 01.11.22.

Received in revised form 14.12.23.

Accepted for publication 25.02.24.

NONVERBAL TECHNIQUES AND NATIONAL COGNITION

The article discusses one of the types of communication – nonverbal techniques, which currently does not lose its relevance. Until that time, nonverbal approaches had been thoroughly studied psychologically and linguistically. Nevertheless, there are issues that should be delved into in this area, in particular, non-linguistic means used in accordance with folk knowledge, customs and traditions. The language analysis of gestures is an urgent issue. Based on the works of scientists who have considered paralinguistic approaches in the context of cognition of the nation, with the help of specific linguistic data, the meaning of gestures used in accordance

with Kazakh cognition is analyzed, the scope of their application is determined. Considering that the whip is one of the sacred instruments of the Kazakh people, the meaning given to us by the gestures on the basis of which it is performed was determined, and the scope of expenditure was determined. The analysis of the meaning was carried out using examples from works written on a historical theme. We stopped at the gestures that are performed during grief in the life of the people, analyzed on the basis of examples from a work of art. Noting that black represents sadness in the people's perceptions, the article analyzes it from various positions. It is proved that the Kazakh people not only express the idea directly, but also bring it by hints, non-verbal techniques.

Keywords: nonverbal techniques, gestures, national knowledge, tradition, whip

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz